




12-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭТИКА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Джон Лакс «Релятивизм және оның
артықшылықтары» эссесі





Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Джон Лакс «Релятивизм және оның артықшылықтары» эссесі
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Релятивизм және оның артықшылықтары

Бәлкім, бізді әдеп пен моральдың догматиктеріне айналдыратын нәрсе – біздің қауіпсіздікке деген туа бітті мұқтаждығымыз болар, дейді Лакс. Догматиктер ретінде біз балама мүмкіндіктерді білместіктің мамыражай және қауіпсіз күйінде өмір сүреміз; біз өзіміздікінен өзгеше өмір салты мен мінез-құлық формалары – бәлкім, тіпті, киім кию және шаш кию үлгісінің өзі - қандай да бір заңды құқыққа немесе құндылыққа ие деген ойдың өзі болу мүмкіндігі төмен ғана емес, мүлде мүмкін емес деп ойлаймыз. Түбінде өз-өзіне сенімсіз догматик кез-келген болмашы өзгеріске және қарама-қарсы ағымға бас сала шабуыл жасайды; ол барлық жақтан қауіптен, қарсы әрекеттен немесе қастандықтан күдіктеніп, өз нормаларынан ауытқитын әрбір ұсақ-түйекпен өз өмірі тәуелді болатындай алыса кетеді. Сондықтан табанды догматикке сыртқы өзгерістер ешбір әсер етпейді. Оны өлтірсең де, ол райынан қайтпайды, ол иллюзияларын жоғалтқаннан гөрі, өмірінен айырылғанды жөн көреді. Осы қиялдарын қорғау үшін өмірін киюға даярлық танытып, ол өзін барлық жақсылық пен игіліктердің қорғаушысы санайды; осы әрекетінің іске аспай қалуы және өз еркін қалған тынымсыз әлемге мойындатуға қабілетсіз болуы оған нағыз ақиқат пен ізгі нәрселердің трагедиялық жеңілісі болып көрінеді.

Оның өзінің ең жоғары құндылықтары универсал және дәлелді екенін көрсету қажеттілігіне тап болғанда, догматик екі амалға жүгіне алады. Ол кейбір асақ құндылықтар дәлелдеуді қажет етпейді: олар өздігінен айқын және ішкі нұрын төгіп тұрады деуі мүмкін. Сол сияқты, ол әрбір моральдық пайымдауға дәлел келтірілуі тиіс деген уәжбен келісетін де шығар. Олардың жекелей кейбірін біз ұстанатын әлдеқайда жалпылама принциптермен байланысы арқылы бекітуге болады. Ал жалпылама принциптер, өз кезегінде, қандай да бір болмыс, көзқарас немесе жағдайдың нормальды ахуалы тұрғысынан дәлелденген.

Өздігінен айқын және тек интуиция арқылы ғана танылатын принциптер

Бұл амалдар қолайлы ма? Біріншісі жайлы көп нәрсе айта алмаймыз, дейді Лакс. Тек ойлану арқылы танып-білуге болатын универсал моральдық нормалар бар деген ой ғана көңілге үміт ұялатады. Егер өздігінен айқын және тек интуиция арқылы ғана танылатын принциптер бар болса, онда моральдық келіспеушіліктер тек пайымдаудағы асығыстықтан немесе моральдық сезінудің адасуынан ғана туындай алар еді; мұндайда, әрине, ештеңені лайықты тәрбиенен немесе ақыл-ойдың қисындылығымен түзетуге болмайды.

Он сегізінші ғасырдың ұлы британдық моралисті, епископ Джозеф Батлер біздің пайымдауларымыздың дұрыстығына көз жеткізу үшін оларды жанымыз жай табатын «салқын талтүсте» ой елегінен өткізіп көруге кеңес бере отырып, бұған расымен де сенетіндей кеңес береді. Бәрі осыншалықты оңай ма?



Джозеф Батлер (1692-1752жж.) – ағылшын философы-моралист.

Бәріміз де құндылықтың заңдылығына немесе моральдық стандарттың универсалды қолайлығына толығымен сенімді болудың не екенін білеміз. Алайда бұл сенімнің беріктігінің өзі оған қатысты күдік тудырады. Бұл біздің аңғалдығымыздың көрінісі мен нәтижесі болуы мүмкін бе? Оның, расымен де, объективті ақиқатқа тән сипаттары бар ма?

Осындай этикалық интуициялардың жақтасы қандай да бір принциптің өзіндік айқындылығын көруге қабілетсіз адамға не деп жауап бере алады? Көптеген байыпты әрекеттерден кейін де қандай да бір моральдық пайымдаудың универсал ақиқаттылығына көз жеткізе алмаған философқа қандай жауап ұсынуға болады? Біздің айтпағымыз: физикалық объектілер қалайша қызыл, жасыл немесе көк болатын болса, адамдар, әрекеттер және салдарлар, дәл сол сияқты, объективті түрде жақсы немесе жаман бола алады, деп сендіреді Лакс. Әр адам түстерді көруге қабілетті. Сол сияқты, әрбір сезімтал адам түрлі заттардың немесе құбылыстардың моральдық ерекшеліктерін танып-біле алады. Ал оларды ажырата алмайтындар, бар болғаны, өмірдің моральдық реңктеріне келгенде көрсоқыр болып қала береді.

Түстерді көре білу қабілетімен салыстыру керемет және көрнекі. Алайда, шындап келгенде, бұл



интуитивист үшін пайдалы емес. Кез-келген объектінің түсі, байқап қарасақ, тек ішінара ғана оның объективті қасиеттерінің нәтижесі екен. Біздің осы затты батырып көретін жарығымыз, іске қосылатын сезімдік тетіктердің табиғаты мен жағдайы – теңдей қажетті анықтаушы шарттар. Кем дегенде, бірі субъектінің психологиялық және физиологиялық ахуалы болатын осы үш фактордың кез-келген біреуінің өзі өзгерсе де, түс ауысып шыға келеді.

Осыған орай кейде мынадай бір тұжырым қарсы келтіріліп жатады: объект түрлі түстерге ие сияқты болып көрінгенмен, оның шынайы түсі – бақылаушының әдеттегі жарық түсу жағдайларында әдеттегі сезім мүшелерімен қабылдайтын реңкі. Әрине, бұл қарсы пікірдің еш пайдасы жоқ. «Стандартты» немесе «әдеттегі» деп атай отырып, жарықтың түсуі мен сезім мүшелерінің өзгермелі шамаларын бекітуіміз қажет деген шарттың өзі түстің барлық анықтамалары соларға қарай салыстырмалы екенін мойындау болып шығады. Ал біз «әдеттегі» деп атайтын нәрсе кез-келген кездейсоқ шама болуы мүмкін. Жарық түсудің стандартты жағдайы күннің жарығын еске салады. Ал егер біздің күніміз қызыл жұлдыз болса, қайтер едік? Әдеттегі бақылаушылар дегеніміз – түстердің «толық» спектрін, соның ішінде қызыл түсті көре алатындар. Ал халықтың басым бөлігі қызыл-жасыл түстерді көруде кемістігі болса ше? Біз қабылдаушының табиғаты мен жағдайын меңзеп, айқын сілтеме жасамасақ, түстер жайлы айтатын сөзіміздің бәрі бос, дейді Лакс. Көпшілік қанша сендірсе де, олар көріп отырған түс объектінің шынайы түсіне айналмайды. Мен олардың пікіріне құлақ асуға мәжбүрлі болсам да, факт факт болып қала береді: көпшілік үшін объекті қызыл болып көрінсе де, мен үшін ол қанық-қоңыр.

Моральдық пайымдаудағы субъективизм

Құндылықтар мәселесіне келгендегі жағдай да осы сияқты. Жақсы болып көрінетін нәрсе тек ішінара әрекеттің немесе оқиғаның объективті ерекшеліктерінің нәтижесі болады. Берілген мәдениет немесе субмәдениет нақты бір әрекетті белгілі бір принциптер немесе категориялардың терминдері тұрғысынан қарастыруы кей жағынан біз қабылдау объектісіне тиісті қолданатын жарық түсу жағдайларына ұқсас. Ал сезімдік механизмнің табиғаты мен жағдайы агент бойындағы қалаулар мен ықыластар механизмдерін еске салады.

Біреулерге ләззаттану - жақсылық, ал басқаларға зұлымдық болып көрінуі мүмкін. Бұдан біз қай жақтың пікірі дұрыс деген шешім шығара алмаймыз, мысалы, Джордж Эдвард Мур бұлардың қайсысы қандай екенін ажыратып алу өте қиын деп тұжырымдады. Моральда жиі кездесетіндей, егер келіспеушілік шынайы және түпкілікті болса, ләззат алу америкалық уағыз айтушы, діни моралист, биолог және медик Коттон Мэзерге қаншалықты жаман болып көрінсе, грек философы Аристипке соншалықты жақсы болып көрінуі мүмкін.

Джордж Эдвард Мур – ағылшын философы, философиядағы аналитикалық дәстүрдің негізін қалаушы (1873-1958 жж.)



Қорытындылайтын болсақ, «жақсы» және «жаман» дегеніміз – салыстырмалы терминдер: түстердегідей, біз адамдардың, әрекеттердің және салдарлардың құндылығы туралы сұраққа қатысты мәдениет категорияларына және шешім шығарушы адамның стандарттары мен міндеттемелеріне сілтеме жасамай, байыпты сөз айта алмаймыз. Әрекеттер әлемінің моральдық реңкі біздің әлеуметтік ортамыздағы және моральдық көзқарасымыздағы өзгерістерге қарай құбылады.

Сонымен, өздігінен айқын объективті, яғни барша мойындайтын, моральдық принцип жоқ екені түсінікті, деп сендіреді Лакс. Алайда, сайып келгенде, қолдауды талап ететін абсолютті құндылықтар бар болса, онды оларды қолдай алатын принциптерді қайдан табамыз? Моральға негіз болатын төрт сала бар: 1) қоғам және оның ережелері, көзқарастары мен институттары 2) адам табиғаты және оның құрылымы мен оның қызмет ету заңдары 3) табиғат және оның мақсатты құрылысы 4) жаратылыстың мәңгі заңын тағайындаушы болып саналатын Құдай.

Бірден айта кетуге рұқсат етіңіздер, әлеуметтік ережелер мен көзқарастар мораль өзегін құрайтын негіз болса, біз құндылықтар абсолютті және бұлжымас деп толық сеніммен айта алмас едік, дейді Лакс. Бұл



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Джон Лакс «Релятивизм және оның артықшылықтары» эссесі
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

жағдайда тұлғалар, іс-әрекеттер мен салдарлар олардың әлеуметтік бекітілген нормаларға қатыстылығы нәтижесінде жақсы болар еді. Әйткенмен, әрбір қоғамның өзіндік құндылықтары бар десек, бір қоғамның құндылықтары басқасының құндылықтарына сай болады деп ойлаудың қажеті жоқ.

Сайып келгенде, әлеуметтік ынтымақтастық пен топ мүшелерінің аман қалуы сияқты жалпылама құндылықтардың универсалдығын дәлелдеп көруге болар еді. Дегенмен, бұл ауызша алдаусырату: бірдей атау берудің көмегімен түрлі көзқарастар мен құндылықтардағы сәйкестілікті тану амалы. Жабайы эскимостардағы «әлеуметтік ынтымақтасу» АҚШ-тың Хобокен қаласынан келген туристік топтан немесе Пентагондағы қызметкерлерден өзгеше құндылықтарды ұстанып, мінез-құлықтың мүлде өзгеше амалдарын талап етеді.



Эскимостар – Гренландия мен Нунавутадан (Канада) Аляскаға (АҚШ) және Чукотканың шығыс шетіне (Ресей) дейінгі аймақтың байырғы халықтарының тобы. Халық саны – 170 мың адамға жуық.

Бүгінгі күнің өзінде «топ мүшелерінің күн көрісі» Вашингтон мен Пекинде мүлде әртүрлі нәрселерді білдіреді. Оларды жалпылау әрекеттері кейде бос әурешілдік пен бос сөз деңгейіне жетеді: оның ең көрнекі мысалы – барлық қоғамдар жақсылыққа қатысты ортақ көзқарасты ұстанады деген пікір. Әлеуметке қатысты болса, құндылықтар қоғамына қарай әртүрлі бола береді. Олай болса, қоғамдардың ұқсастығы - жақсылық біркелкілігінің өлшемі.

Адам табиғатындағы құндылықтардың бастауын анықтайтын көзқарасқа қатысты да осындай тұжырым жасауға болады. Егер бұл көзқарас дұрыс десек, онда құндылықтар жеке дара адам болмыстарының өзара ұқсастық деңгейінде ғана ортақ болады. Сондықтан, абсолютті құндылықтарды ортақ және бұлжымас адам табиғатының қосымша тұжырымынсыз негіздеуге болмайтыны анық. Адам табиғаты туралы сұрақтарды шешу қиын екені белгілі. Лакстың айтуынша, мұнда айта кететін бірнеше нәрсе бар. Олар туралы қысқаша және сенімнің ақылға қонымды деңгейінде сөз қозғауға болады. Адам табиғаты деп атаған нәрсемізге қанағаттанатын кез болады деген сұрақ, бір жағынан, анықтаушы, яғни, шартты, бір жағынан – эмпирикалық мәселе болып қала береді. Анықтамаларымызға келгенде біз әрдайым алдын-ала тұжырымдарымызды немесе өзгермелі қалауларымызды басшылыққа ала аламыз. Дегенмен, егер біз ұғымдар қалыптастыруды қисынды ақылымызға тапсырсақ, біздің көбіміз «адам табиғаты тұрақсыз және бізге жолығатындар, ең мықты дегенде, бірыңғай ортақ болмысы жоқ, ұқсас индивидуумдердің үлкен тобы ғана» деген көзқарастың ықпалына түсеміз. Егер адам табиғаты моральдың негізі қызметін атқаруы тиіс болса, онда адамның біркелкілігіне күмәндануға неғұрлым себебіміз көп болған сайын, соғұрлым біз универсал құндылықтар бар деген пікірді теріске шығаруға құқылымыз, дейді Лакс.

Факт пен орындау арасындағы заңды және табиғи байланысты моральдың негізі деп атауға болар еді, алайда, Лакстың пікірінше, оның жоқ екендігі – шындық. Табиғат әлемінде күрес пен ұмтылыс бар. Алайда көптеген тіршілік иелерінің әрбірі қандай да бір космостық игіліктің болмашы элементіне қолжеткізуге ұмтылатыны рас па? Табиғат ағымының белгілі бағыты бар, әрі ол көбіне белгілі бір құндылықтың қалыптасуына алып келеді. Алайда бұл бағыттың мақсаты бар деп сендіреді Лакс. Қозғалысты тудыру үшін оған әсемдік пен мейірімділікке деген махаббат негіз болуы тиіс, яғни, әрбір қарапайым физикалық фактіде, оның әр қадамын жандандыратын ақыл-ой элементі бар деп қарау дегенді білдіреді.

Егер біз фактілерді байыппен саралап, әлемде рационалдылықтың ізін шын мәнінде көрінгеніне қарағанда көбірек табуға қайтпай талпынудан бас тартсақ, біз құралдардың мақсаттарға керемет бейімделуінен, әрбір импульстің өз-өзін іске асыруға деген ұмтылысынан бұрын, табиғаттың өз потенциалын іске асыруын немесе көңілі қалуын ешбір мағынасыз риясыздықпен орындайтынына таң қаламыз.

Лакстың көзқарасындағы Құдай ұғымы

Лакстың айтуынша, жақсылықты құдайдың бұйрықтарға негіздей отырып, біз заңдарды құрайтын, мінез-құлық ережелерін тағайындайтын және құндылықтарды өз қалауынша дүниеге әкелетін Құдайдың бар екендігін айтамыз. Мұндай Құдайдың болуы Лакс үшін күмәнді болып көрінеді.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Джон Лакс «Релятивизм және оның артықшылықтары» эссесі
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Оның айтуынша, мұны дәлелдеу үшін екі нәрсеге назар аудару жеткілікті. Егер барлық құндылықтардың бастауы Құдай болса, онда олар бір маңызды мағына жағынан алғанда объективті немесе абсолютті емес. Ең аз дегенде, олар Құдайдың таңдауы болғандықтан ғана міндетті құндылықтар болып саналады. Бұл туралы айтатын болсақ, олар, жалпы, Құдайға қатысты болғандықтан ғана құндылықтар болып есептеледі. Бұл салыстырмалылыққа қатысты нәрселердің бәріне қарсы шығатындарды түзетуге, немесе, ең болмағанда өздерінің салыстырмалылық теориясымен емес, оның терминдерімен дауласатынын ұғынуға итермелеуі тиіс. Олар құндылықтардың адам ерік-жігеріне емес, Құдайдың қалауына байланысты болуын дұрыс санайды.

Екіншіден, Шексіз болмыс иесінің бұйрықтарын біздің шектеулі өмірімізге релевантты ету үшін қандай шарттар қажет? Кім шығарса да, ешбір бұйрық оны ұғынуға қажетті ақыл-парасаты немесе оған сай әрекет етуге қажетті қабілеті жеткіліксіз адам үшін міндетті бола алмайды. Латынша қаншалықты көркем және қаншалықты жүйрік сөйлесеңіз де, бұл тілде тасқа немесе эскимосқа билік жүргізе алмайсыз ғой, дейді Лакс. Бұйрықтар мен құндылықтар оларға сай әрекет етуге және оларды қабыл алуға тиіс адамның күйі мен жағдайына, табиғаты мен қабілеттеріне сәйкес болуы тиіс. Демек, құндылықтардың барлығы Құдайдан тарайтын болса да, олар біркелкі болады деген кепілдік жоқ. Адам табиғаты әртүрлі болса, онда бір адамға қатысты бұйрықтар мен құндылықтар басқаларына сәйкес келмейтін, тіпті түсініксіз де болуы мүмкін. Демек, Құдайдың нәтижелі бұйрықтарының біркелкілігі адам табиғатының біркелкілігіне тәуелді.

Олай болса, түптеп келгенде, Протагордың айтқаны дұрыс, яғни, жақсы ештеңе жоқ, ал бірденені жақсы ететін тек ойлау ғана ма? Егер Протагордың пікірі дұрыс болса, онда біз ешқашан мақсаттарымыз бен құндылықтарымызға қатысты қателеспейтін едік: біз қалаған нәрсенің бәрі біз үшін жақсы болар еді. Алайда, мақсаттарымызды таңдағанда моральдық қателіктен артық ауыр тиетін немесе барлық жаққа қатысты өмір фактісі болуы мүмкін бе? Өзімізді өзіміздің жетік білмеуіміз бізді көңілімізден шықпайтын мақсаттарды қабыл алуға жиі мәжбүрлейді, дейді Лакс.

Алдын ойламайтын және адамгершіліктен жұрдай релятивизм моральдық тәжірибенің ащы күрделілігін ешқашан түсіндіре алған емес. Алайда, көптеген шыншыл және толерантты ақыл-ой иелері еріксіз сенетін релятивизм де бар. Адам табиғаты әртүрлі: биологиялық, әлеуметтік және психологиялық шарттары бар осы әртүрлілік қауіп немесе зұлымдық ретінде емес, Құдайдың берген болмыс дарқандығы ретінде қабылдануы тиіс. Табиғаттың әртүрлілігі кемелдіктің әртүрлілігін білдіреді. Бүкіл әлемде тек өзінің көмескі көшірмелерін ғана көргісі келетін өзімшіл адам ғана өзінің мінез-құлқын және тура өзінікіндей құндылықтарын әрбір тірі жанға мәжбүрлеп таңғысы келеді. Ақыл-ой қисындылығы мен толеранттық әр адамға өзінің жеке, бәлкім, бірегей тіршілік ету үлгісін ұстануға мүмкіндік беруімізді талап етеді, дейді Лакс.

Құндылықтар адам табиғатына қарай өзгере береді. Сондықтан, ізгілік дегеніміз – біздің не ойлайтынымыз немесе не сезетініміз туралы емес, біздің кім екеніміз туралы сұрақ. Адам табиғаты өзгермейтін дүние болмаса да, анықтама беруге өте қолайлы. Бұл оған өзін-өзі тануда ілгерілеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл оған орындауға тиіс мақсаттарды айқын, ал құндылықтарын нақты етуге көмектеседі. Бұл құндылықтар басқа адамның идеалынан өзгеше болуы мүмкін, бірақ бұдан олардың маңыздылығы мен заңдылығы кемімейді.

Егер біз осы көзқарасты ақиқат ретінде қабылдап, әрекет ететін болсақ, моральдық немесе әлеуметтік анархия орнамас па еді? Лакстың айтуынша, бұл ешбір жағдайда мүмкін емес. Егер жеке адамның құндылықтарын оның табиғаты анықтайтын болса, онда табиғаты ұқсас адамдардың міндеттемелері де ұқсас. Адамдардың өзара ынтымақтас қоғамдарда өмір сүріп жатқандығы - олардың табиғатының ұқсастығының немесе, кем дегенде, олардың өзара бірігіп өмір сүре алатындығының ең үздік дәлелі. Бұл әлеуметтену үдерістерінің көмегімен қамтамасыз етіледі, олардың кейбірінің табысты болуы соншалық – өздерінің қалағанын істеуге ерікті адамдардың өзі, әдеттегі, пайдалы міндеттерін атқаруды жалғастыра береді. Басқалардың өздерін өздері іске асыруына кедергі келтіретін аздаған нәрсенің өзін қорқыту немесе күштеу шараларының көмегімен оңай басқаруға болады. Оркестрде әрбір аспап өз әуенін ойнайды; алайда, бұл оркестрге арналған шұңқырда анархия үстемдік етеді дегуге себеп пе, деп сұрайды Лакс. Құндылықтардың жеке дара сипатының болуы адамдардың ортақ игіліктер мен мақсаттар турасында келісе алмайтындығын білдірмейді.

Егер жеке даму ауқымды болса, оның қоғамдық пайдасы орасан зор болар ма еді? Балаларды еш пайдасыз тыйымдар мен зиянды көзқарастарды барынша азайтып тәрбиелеуге болар еді, дейді Лакс. Оның пікірінше, бұл жағдайда интеллектуалды және рухани білім беру, сайып келгенде, өз қатыгездігінен құтылар еді. Адамдар арасындағы қарым-қатынастар адамгершілік және түсіністікпен толығып, соқыр антагонизмнің



орнын ынтымақтастық басар еді. Түрлі идеалдардың заңдылығын көргенде, басқа адамдарды немесе ұлттарды айыптау қиындай түседі. Осылайша, үлкен жеккөрушілік пен соғысты моральдық тұрғыда жалған ақтау әрекеттері құндылықтардың салыстырмалы сипатына барынша байыппен қарайтындар үшін бірден шешілер еді.

Моральдық релятивизмді жалпыға ортақ мойындаудан ұтатын нәрселердің ең үлкені, Лакстың ойынша, - адам еркіндігі болары сөзсіз. Біздің көптеген заңдарымызда өткір, шектеуші бір сарын бар. Олар міндетті әлеуметтік тыйымдар орынсыз болатын салаларды қамтиды. Егер біздің көбіміз релятивист болсақ, онда біз моральдың біркелкілігін қамтамасыз ету үшін топтастыратын заңдардың басым бөлігі қисынсыз болып шығар еді. Бұл адамдардың таңдау жасау мүмкіндіктерін арттырып, адам іс-әрекеттерінің барлық түрлерін еркін етуге мүмкіндік берер еді.

Лакстың пікірінше, адамдарды басқалар келтіретін зияндардан қорғау үшін ең қатаң әлеуметтік немесе мемлекеттік бақылау қажет екені анық. Алайда ненің зиян саналатыны туралы жалпылама көзқарастың күрделілігін естен шығармаған жөн. Лакстың айтуынша, моральдық релятивизмді қабыл алған қоғам бүгінгі қоғаммен салыстырғанда, құрылымы мен қызметі жағынан өзгеше болады. Егер моральдық релятивизм мен оның ықпалына сену адамдар мен қоғамдардың табиғатына осыншама терең әсер ететін болса, онда біздің оны осы күнге дейін қабылдамағанымыз кездейсоқтық емес шығар? Мен олай ойламаймын дейді Лакс. Біздің сенімдеріміз бен әрекеттеріміз біздің табиғатымызды айқындайтыны анық; бірақ біздің болмысымыздың тұтастығын бұзатын немесе оны өзгертуге ұмтылатын нәрсені қабылдау оңайға соқпайды. Инстинктке сүйенетін догматиктерге релятивизмнің артықшылықтарын тек интеллектуалдық негізде қарастыру қиын болады.

Өзіміздіктен қашып құтылудың үздік жолы – оған бет бұру. Индивидтің осы әлемді немесе оның шағын бір бөлігін өз құндылықтарымен өмір сүруге мәжбүрлеуді таңдауы түкке тұрғысыз нәрсе, дейді Лакс. Әлеуметтік регламенттеу күшейіп, өзіндік келбеті жоқ ірі институттар саны артқан сайын әрбір адам, шын мәнінде, тіпті өзінің жеке жүріс-тұрысын өз идеалдарына емін-еркін бейімдеудің өзінде қиындықтарды барған сайын көбірек сезінеді. Ауқымдардың тарылуы қарқындылықтың артуына алып келеді: қисынды жеке мүдде әрбір адамның өз өмірімен айналысып, ал басқалардың моральдық ахуалын өзінің жеке қарауына қалдыруын талап етеді. Мұндағы балама мүмкіндік – тіпті өзіңді бақылаудан айырылу, Лакстың ойынша, бұл атаққұмар өзіміздердің жиі сезінетін күйі.

Лакстың айтып отырғаны – адам табиғатын бағындырудың мәңгі үміті. Игі ниеттілік тым асқақ идеал болуы мүмкін. Басқаларға қатысты толеранттық немесе, кем дегенде, олардың өз тағдырына иелік етуіне бейтараптықтың өзі жетерлік дейді Лакс. Егер біз моральдық салыстырмалыққа сене алатын болсақ, онда осындай бейтараптықтың интеллектуалды негізіне ие болар едік. Сонда біздің табиғатымыз оны адамгершілікке сай деп атауға лайықты өзгере алар еді. Ал сіз Лакстың пікірімен келісесіз бе?

Ұсынылатын әдебиет тізімі:

1. Ruth Benedict, "Anthropology and the Abnormal," *Journal of General Psychology* 10 (1934).
2. Friedrich Nietzsche, *Will to Power* (New York: Random House, 1968) no. 481.
3. Martha C. Nussbaum, *Women and Human Development* (Cambridge: Cambridge University Press, 2001).
4. Richard Rorty, "Pragmatism, Relativism, and Irrationalism," *Proceedings and Addresses of the American Philosophical Association* 53, no. 6 (1980).
5. G. E. Moore, *Principia Ethica* (Cambridge: Cambridge University Press, 1903).
6. Bruce W. Brower, "Dispositional Ethical Realism," *Ethics* 103, no. 2 (January 1993).
7. John Lachs, "Relativism and Its Benefits" *Soundings* 56:3 (Fall 1973).
8. W. D. Ross, *The Right and the Good* (Oxford: Oxford University Press, 1930), Chapter 1.
9. Ernest Hemingway, *Death in the Afternoon* (New York: Scribner's, 1932).
10. *Patterns of Culture* (New American Library, 1934).
11. Melville Herskovits, *Cultural Relativism* (New York: Random House, 1972).

Глоссарий

Моральдық плюрализм – құндылық плюрализмі – бір емес, одан көп объектив құндылық бар деген метаэтикалық идея (Росстың есімімен байланысты); сондай-ақ қараңыз: алғашқы көзқарас міндеттері.

Моральдық реализм – этикалық фактілер және ақиқат немесе жалған деп атауға моральдық пайымдар бар дейтін идея.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Джон Лакс «Релятивизм және оның артықшылықтары» эссесі
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Объективизм – этикалық қағидалар объективті фактілерге қатысты деген метаэтикалық идея (субъективизмге қарсы); сондай-ақ, қараңыз: моральдық реализм.